



Қазақстан
Республикасының
Қорғаныс министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрлігі

Қазақстан
Республикасының Цифрлық
даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

2024 жылғы 14 тамыздағы
№ 866

2024 жылғы 19 тамыздағы
№ 303

2024 жылғы 14 тамыздағы
№ 491/НҚ

Астана қ.

Астана қ.

Астана қ.

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесін оңтайландыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының барлық облысында, республикалық маңызы бар қаласында, елордасында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметте және еңбек қатынасында болатын Қазақстан Республикасының азаматтары үшін «Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасы іске қосылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметте және еңбек қатынасында болатын Қазақстан Республикасы азаматтарының пилоттық жобаға қатысуы ерікті болып табылады.

3. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру қағидалары бекітілсін.

4. «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бірлескен бұйрықты техникалық іске асыруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеттері, Қазақстан

Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери инфрақұрылым бас басқармасы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Ақпараттық-есептеу орталығы», «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамдары, тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға өкілеттік берілген Қазақстан Республикасы облысының, республикалық маңызы бар қаласының және елордасының жергілікті атқарушы органдары «Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыруды жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс, Қорғаныс, Қаржы, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері осы бірлескен бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың және мүдделі ведомстволық бағынысты ұйымдардың назарына жеткізсін.

7. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрлеріне жүктелсін.

8. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік орган басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник**

Р. Жақсылықов

**Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі**

Қ. Шарлапаев

**Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі**

Ж. Мәдиев

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Бас әскери прокуратурасы

Результаты согласования

Министерство обороны Республики Казахстан - Заместитель начальника департамента Саят Мухтарович Жангулов, 01.07.2024 09:48:29, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК - директор Максат Наймантайұлы Ешенов, 17.07.2024 09:37:18, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство промышленности и строительства РК - директор Данира Кайратовна Сураужанова, 16.07.2024 18:59:38, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство финансов Республики Казахстан - Министр финансов Республики Казахстан Мадитокешович Такиев, 02.08.2024 15:50:42, положительный результат проверки ЭЦП

Генеральная прокуратура РК - Заместитель Генерального Прокурора Республики Казахстан Габит Амангельдиевич Садырбеков, 07.08.2024 15:23:58, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство национальной экономики РК - Вице-министр Бауыржан Бакытұлы Омарбеков, 30.07.2024 15:33:31, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрі К. Шарлапаев, 19.08.2024 14:53:42, положительный результат проверки ЭЦП

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Ж. Мадиев, 14.08.2024 16:02:14, положительный результат проверки ЭЦП

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі Р. Жаксылыков, 14.08.2024 09:44:52, положительный результат проверки ЭЦП

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2024 жылғы 14 тамыздағы № 866

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
2024 жылғы 19 тамыздағы № 303

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің
2024 жылғы 14 тамыздағы
№ 491/НҚ
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметте және еңбек қатынасында болатын Қазақстан Республикасының азаматтарына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысының (бұдан әрі – қаулы) және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жекешелендірілетін тұрғынжайдың орналасқан жері бойынша тегін көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін мемлекеттік мүлік тізілімінің www.e-Qazyna.kz веб-порталы (бұдан әрі –

портал) арқылы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрып жатқан тұрғынжайды жекешелендіруге өтініш (бұдан әрі – өтініш) жасайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі Тізбенің 9-тармағында айқындалған.

4. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады, одан кейін өтініш тұрғынжайдың орналасқан жері бойынша гарнизон аудандық пайдалану бөлімінің (бұдан әрі – АПБ) «жеке кабинетінде» қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті алушы тұрғынжай бойынша дұрыс мәліметтерді енгізбеген кезде портал деректерді (кадастрлық нөмірі, мекенжайы, құрамдас саны, көп пәтерлі үйдің қабаттылығы, пәтердің орналасу қабаты, жалпы ауданы (шаршы м.), тұрғын ауданы (шаршы м.), пайдалы ауданы (шаршы м.) және құқық иесі) өзектілендіру мақсатында АПБ-ға өтініш жасау қажеттілігі туралы хабардар етеді және өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күні өтініш жасаған кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

5. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын берген кезде оның «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күнін көрсетіп, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы белгі көрсетіледі.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» АПБ-ның және көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

6. Мемлекеттік ақпараттық жүйеде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы не дербес деректерге қол жеткізуді бақылау мемлекеттік сервисімен интеграциялау арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.

7. Көрсетілетін қызметті алушы және кәмелетке толған отбасы мүшелері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді, сондай-ақ дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы деректерді жинауға, өңдеуге келісім береді.

8. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне (бұдан әрі – Қорғаныс министрлігі) ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік мекеменің тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру кезінде мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері мен мерзімі:

бірінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды берген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АПБ-ның қызметтік тұрғынжайды жекешелендіру туралы шешім қабылдауы;

екінші кезең: АПБ-ның тұрғынжайды жекешелендіру туралы шешім қабылдауы туралы хабардар етілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне берілетін тұрғынжай балансында тұрған республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын Қорғаныс министрлігінің ЭЦҚ-сы қойылған жекешелендірілетін тұрғынжайды коммуналдық меншікке беру туралы өтінішхатын жіберу;

үшінші кезең: тұрғынжайды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру;

Қорғаныс министрлігінің өтінішхатына ЭЦҚ қойылған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің мекенжайына көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған жекешелендірілетін тұрғынжайды коммуналдық меншікке қабылдау туралы өтінішхатын жіберу;

көрсетілетін қызметті беруші өтінішхатының ЭЦҚ-сы қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің шешім қабылдауы;

тұрғынжай бойынша шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беруші және қабылдаушы тарап уәкілетті лауазымды адамдарының республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру актісіне (бұдан әрі – беру актісі) ЭЦҚ-мен қол қою және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган аумақтық бөлімшесі және коммуналдық мүлікке иелік етуге өкілеттік берілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган басшысының беру актісін бекітуі және тұрғынжайға құқық белгілейтін құжаттардың құқықтық кадастрында мемлекеттік тіркеу;

республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берілген жекешелендірілетін тұрғынжайды мемлекеттік тіркеу «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы беру актісіне қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

төртінші кезең: коммуналдық тұрғынжай қорында мемлекеттік тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында ЭЦҚ-ны және жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендірудің ақпараттық жүйесін пайдаланып, тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасау.

Шартты порталда көрсетілетін қызметті беруші қаулымен бекітілген үлгілік нысан бойынша қалыптастырады;

бесінші кезең: Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығымен бекітілген «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20610 болып тіркелген) сәйкес Мемлекеттік корпорация арқылы шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шартты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру.

9. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық бермеген және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды берген жағдайда АПБ және көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өтінішті берген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оны қабылдамайды.

10. Тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі Тізбенің 6-тармағында айқындалған:

11. Порталда шарт жасалғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қаулының 23-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, портал арқылы жергілікті бюджетке төленуге тиіс тұрғынжай құнын төлейді.

Тұрғынжайды меншікке өтеусіз сатып алған кезде төлем жүргізілмейді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту Тізбенің 10-тармағына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 73-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

13. Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

АПБ тыңдау нәтижесі бойынша жекешелендіру туралы не жекешелендіруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта өтініш жасай алады.

14. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеудің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қорғаныс министрлігі «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды жоғары әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) қарайды.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

16. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

17. Көрсетілетін қызметті берушіге түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

19. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдану нәтижесі бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан
тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік
қызметін көрсетуді оңтайландыру
пилоттық жобасын іске асыру
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)
мемлекеттік мүлік
тізілімінің веб-порталы арқылы

мекенжайы бойынша тұратын
азамат(ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Тұрып жатқан тұрғынжайды жекешелендіруге өтініш

Сізден 20__ жылғы «__» _____ № _____ жалдау (жалға алу) шартына сәйкес мен тұрып жатқан пәтерді мынадай жолмен жекешелендіруге рұқсат етуіңізді сұраймын:

- 1) өтеусіз, өйткені мен _____ болып табыламын;
- 2) қалдық құны бойынша (немесе _____ мерзімге (он жылға дейін) бөліп, тең сомамен сатып алу, бастапқы жарна _____ (кемінде 30%).

(Т.А.Ә. (бар болса) (жеке басын куәландыратын құжаттың №, қашан және кім берген, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Төмендегі мәлімет туралы қосымша хабардар етемін:

1) жекешелендірілетін тұрғын үй бойынша (мекенжайы, мекенжайдың тіркеу коды, кадастрлық нөмірі, жылжымайтын мүлік түрі, нысаналы мақсаты, қабаттылығы, тұрғын үйдің жалпы және тұрғын алаңы шаршы метрде): _____;

2) менің жұмыс берушім, жалға беруші және жекешелендірілетін тұрғын үйдің баланс ұстаушысы бойынша (БСН және атауы): _____;

3) гарнизонның аудандық пайдалану бөлімі бойынша тұрғынжайдың орналасқан жері бойынша (БСН және атауы): _____;

4) менімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің құрамы бойынша (ЖСН, Т.А.Ә., туыстық дәрежесі): _____;

5) тұрғынжай Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік мекеменің не республикалық мемлекеттік кәсіпорынның тұрғынжай қорында болады және коммуналдық тұрғынжай қорына берілуге тиіс (иә / жоқ): _____.

Қосымша: _____

(кәмелетке толған барлық отбасы мүшесі келісім береді)

Мен, _____

(Т.А.Ә. (бар болса), туыстық дәрежесі, жеке басын куәландыратын құжат №, кім және қашан берген, жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____ мекенжайы бойынша орналасқан пәтерді

_____ өтеусіз негізде жекешелендіруге келісемін.

(Т.А.Ә. (бар болса))

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауаптылық туралы хабардар етілдік.

Тұрып жатқан тұрғын үйді жекешелендіру үшін талап етілетін, мыналарды қамтитын дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береміз;

1) мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру;

2) мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық беру.

Біліктілік санатын беру (растау) үшін ұсынылатын құжаттардың дұрыстығын растау үшін талап етілетін өзге де мәліметтерді қамтитын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісемін.

Осы келісім мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алғанға дейінгі барлық кезең ішінде қолданылады.

Көрсетілетін қызметті алушы қол қойды және жіберді: 20 __ жылғы « __ »
_____ сағат __

Көрсетілетін қызметті алушының және кәмелетке толған отбасы мүшелерінің ЭЦҚ-сынан деректер:

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

Өтінішті қабылдау туралы хабарлама:

Көрсетілетін қызметті беруші қабылдады: 20 __ жылғы « __ » _____ сағат __

Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сынан деректер:

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан
тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік
қызметін көрсетуді оңтайландыру
пилоттық жобасын іске асыру
қағидаларына
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	««Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру»»
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Жекешелендірілетін тұрғынжайдың орналасқан жері бойынша Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.e-Qazyna.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық нысанда
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Бірінші кезең: 7 (жеті) жұмыс күні; Екінші кезең: 3 (үш) жұмыс күні; Үшінші кезең: 20 (жиырма) жұмыс күні; Төртінші кезең: 3 (үш) жұмыс күні; Бесінші кезең: 3 (үш) жұмыс күні. Барлығы: 36 (отыз алты) жұмыс күні
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Бірінші кезең: көрсетілетін қызметті алушыға тұрғынжайды жекешелендіруге рұқсат ету немесе дәлелді бас тарту туралы РЭҚ-ның шешім қабылдауы; екінші кезең: тұрғынжайды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру туралы ҚР ҚМ қолдау хатын жіберу; үшінші кезең: тұрғынжайды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру; төртінші кезең: көрсетілетін қызметті алушымен жекешелендіру шартын жасау; бесінші кезең: көрсетілетін қызметті алушыға тұрғынжайды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру
7.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдері	Тегін. Шарт жасалғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде көрсетілетін қызметті алушы қаулының 23-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, портал арқылы жергілікті бюджетке төленуге тиіс тұрғынжай құнын төлейді. Тұрғынжайды меншікке өтеусіз сатып алған кезде төлем жүргізілмейді.
8.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және	1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күнін қоспағанда, белгіленген

	ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмысына байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Кодекске сәйкес демалыс және мереке күні өтініш жасаған кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)</p>
9.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	<p>1) жалдаушының кәмелетке толған барлық отбасы мүшесі қол қойған тұрып жатқан тұрғынжайды жекешелендіруге электрондық өтініш;</p> <p>2) некеге тұру (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, балалардың тууы туралы куәліктің электрондық көшірмесі (ақпараттық жүйеде мәлімет болмаған жағдайда);</p> <p>3) АПБ порталында немесе көрсетілетін қызметті беруші тіркеген жалдау шартының электрондық көшірмесі не тұрғынжайға ордер;</p> <p>4) басқа адамдар көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп танылған жағдайда соңғысы оларды көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімінің электрондық көшірмесін ұсынады;</p> <p>5) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар қосымша көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттың электрондық көшірмесін ұсынады;</p> <p>6) әскери қызметші санатына жататын азаматтар қосымша жұмыс орнынан (қызметтен) анықтаманың электрондық көшірмесін не қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін ұсынады;</p> <p>7) АПБ порталында немесе көрсетілетін қызметті беруші тіркеген тұрғынжайды жалдау шарты бойынша берешектің болмауын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>8) мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды меншікке өтеусіз алуға құқығы бар азаматтар санатына тиесілігін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттардың, некеге тұру немесе оны бұзу, балалардың тууы туралы куәліктің, өздеріне меншік құқығында тиесілі тұрғынжайдың (Қазақстан Республикасы бойынша) болуы немесе болмауы туралы анықтаманың, осы елді мекенде тұрақты пайдалануда мемлекеттік тұрғынжай қорынан берілетін тұрғынжайдың болуы немесе болмауы туралы жалдаушы бойынша ақпарат, отбасында он сегіз жасқа толмаған мүгедек бала болған кезде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінен мүгедектігі туралы анықтаманың, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26830 болып тіркелген) бекітілген Кейбір созылмалы аурулардың ауыр</p>

		<p>нысандарының тізімінде атап көрсетілген аурулармен ауыратын отбасы мүшелері болған кезде денсаулық сақтау ұйымынан анықтаманың мәліметі көрсетілетін қызметті берушіге барлық отбасы мүшесіне тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден ұсынылады.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан ақпараттық жүйеде бар құжаттар мен мәліметті талап етуге жол берілмейді.</p>
10.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректің (мәліметтің) нақты еместігін анықтау;</p> <p>2) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектелген дербес деректерге қолжетімділікке келіспеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдың, объектінің, дерек пен мәліметтің «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылады</p>
11.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшелігі ескерілген өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші анықтама қызметінің байланыс телефоны порталда орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414</p>

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Қызметтік тұрғынжайды жекешелендіру туралы № _____
(нөмірі)

шешім

_____ қаласы
(атауы) гарнизонының қызметтік пәтерін жекешелендіруге
(атауы) құжаттарды қарап, _____ «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан
(ә/атағы, Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН) Республикасы Заңының 13-бабы _____-тармағының _____-тармақшасына сәйкес
_____ қаласы, _____ көшесі, _____-үй, _____-пәтер (жалпы ауданы _____ шаршы метр болатын _____ бөлмеден тұратын) мекенжайы бойынша орналасқан қызметтік тұрғынжайды _____
(өтеусіз/қалдық құны бойынша сатып алу арқылы) жекешелендіруге рұқсат ету (бас тарту) туралы шешім қабылданды.

Аудандық пайдалану бөлімі өкілінің ЭЦҚ-сынан деректер
ЭЦҚ қойылған күні және уақыты

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болса)
Телефон: нөмірі

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру қағидаларына 4-қосымша

Нысан

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

_____ (мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы)

№ _____ ӨТІНІШХАТ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 85 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидалары 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және _____ № __ тұрып жатқан тұрғын үйді жекешелендіруге өтініш негізінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі гарнизон _____ (атауы)

аудандық пайдалану бөлімінің шешімі негізінде қызметтік тұрғынжайды коммуналдық меншікке беруге қарсы емес, _____ қаласы, _____ көшесі, № __ үй, № __ пәтер, ауданы _____ шаршы метр, бастапқы құны _____ теңге, Т.А.Ә., пәтерді жалдаушы _____, мекенжайы бойынша орналасқан қызметтік пәтерді жекешелендіруге рұқсат етілді.

Мазмұндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі тұрғынжайды республикалық меншіктен _____ қаласының коммуналдық меншігіне беруге және оны гарнизонның _____ аудандық пайдалану бөлімінің балансынан алуға келісім береді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ЭЦҚ-сынан деректер ЭЦҚ қойылған күні және уақыты

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болса)
Телефон: нөмірі

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру қағидаларына 5-қосымша

Нысан

**Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі**

_____ (мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы)

№ _____ ӨТІНІШХАТ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 85 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларына сәйкес _____ өкілеттік беру (басқарма атауы) (бұйрық/шешім) туралы _____ №__ негізінде республикалық меншіктен _____ балансынан (АПБ атауы) _____ қаласы, _____ ауданы, _____ көшесі, _____ -үй, _____ -пәтер мекенжайы бойынша орналасқан жылжымайтын мүлік объектісін _____ қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы қолдайды.

Басқарманың ЭЦҚ-сынан деректер
ЭЦҚ қойылған күні және уақыты

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болса)
Телефон: нөмірі

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық жобасын іске асыру қағидаларына б-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ
ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ _____



МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ

БҰЙРЫҚ
20__ жылғы _____ «__» № _____

_____ қаласы

ПРИКАЗ
№ _____ «__» _____ 20__ года

_____ город _____

Пәтерді республикалық меншіктен _____
(атауы)
коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 85 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларына сәйкес _____ 20__ жылғы _____ № _____ келісім (өтінішхат) және (көрсетілетін қызметті берушінің атауы) _____ (күні және нөмірі) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 20__ жылғы _____ № _____ өтінішхаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Гарнизонның _____ аудандық пайдалану бөлімі» республикалық (атауы) мемлекеттік мекемесінің балансынан республикалық меншіктен _____ қаласы, _____ ауданы, _____ көшесі, _____ -үй, _____ -пәтер, қабаттылығы/қабаты _____, кадастрлық нөмірі _____, жалпы ауданы _____ шаршы метр мекенжайы бойынша орналасқан пәтер _____ (атауы) коммуналдық меншігіне берілсін.

2. _____ (мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және _____ әкімдігімен бірлесіп, (атауы) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың 1-тармағынан туындайтын қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау _____ жүктелсін.
(лауазымы және Т.А.Ә. (бар болса))

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Лауазымы

Т.А.Ә. (бар болса)

«Мемлекеттік тұрғынжай қорынан
тұрғынжайды жекешелендіру» мемлекеттік
қызметін көрсетуді оңтайландыру пилоттық
жобасын іске асыру қағидаларына 7-
қосымша

Нысан

№__ беру актісі

_____ қаласы

Бұдан әрі «АПБ» деп аталатын «гарнизонның _____
(атауы)
аудандық пайдалану бөлімі» РММ 20 ____ жылғы «____» _____
_____ негізінде әрекет ететін
(пәтерді республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру туралы бұйрық)
_____ атынан бір тараптан береді және бұдан әрі «Көрсетілетін
(Т.А.Ә. (бар болса)
қызметті беруші» деп аталатын _____,
(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)
20 ____ жылғы «____» _____
(пәтерді республикалық меншіктен коммуналдық меншікке қабылдау туралы қаулы)
негізінде екінші тараптан, тұрғынжайды (үй/пәтер) мынадай деректермен
қабылдайды:

Мекенжайы: _____;
Кадастрлық нөмірі: _____;
Құрамдас саны _____;
Көппәтерлі үйдің қабаттылығы: _____;
Пәтердің орналасу қабаты: _____;
Жалпы ауданы, шаршы м. _____;
Тұрғын ауданы шаршы м. _____;
Үйдің, пәтердің бастапқы құны, теңге: _____.

Беру актісіне (бұдан әрі – акт) қол қою үшін негіз: _____

Осы акт қабылдаушы тараптың беруші тарапқа қабылданып жатқан тұрғынжайға қатысты қарсылығының жоқ екенін растайды.

Осы акт АПБ мен көрсетілетін қызметті беруші үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

Осы акт мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланумен соңғы Тарап қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді. Бұл ретте соңғы бекітетін мемлекеттік орган бекіткен күні актінің жасалған күні болып айқындалады.

Беруші тарап:

АПБ-ның ЭЦҚ-сы қойылды:

ЭЦҚ-дан деректер:

ЭЦҚ қойылған күні және уақыты:

Қабылдаушы тарап:

Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылды:

ЭЦҚ-дан деректер:

ЭЦҚ қойылған күні және уақыты:

Бекітілді: Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасының ЭЦҚ-сы:

ЭЦҚ-дан деректер:

ЭЦҚ қойылған күні және уақыты:

Бекітілді: ММЖД ЭЦҚ-сы:

ЭЦҚ-дан деректер:

ЭЦҚ қойылған күні және уақыты: